

"Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлерінің шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын, кезектен тыс жалпы жиналысы болып өтетіні туралы хабарлама

Құрметті "Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлері,

"Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Биржа) атқарушы органның (Басқарма) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов көш, 280, "Almaty Towers" Көпфункционалы кешенінің Солтүстік мұнарасы, 8^{ші} қабат, өз акционерлеріне, Биржалық кеңестің шешімімен (бастамасы) шақыртылатын (2020 жылдың 26 ақпанындағы № 6 отырыс хаттамасы), биржа акционерлерінің **кезектен тыс жалпы жиналысы** болып өтетіні туралы хабарлайды.

Жиналыс **Биржа акционерлерінің сырттай дауыс беру арқылы** өтеді.

* * *

Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен құрылған, жиналыстың күн тәртібі

1. Биржаның жарғысына № 5 өзгертулер мен толықтыруларды бекіту туралы.
2. Директорлар кеңесі туралы Қағидаға №4 өзгертулер мен толықтыруларды бекіту туралы.

Бюллетеньдерді ұсыну күні – **2020 жылдың 28 ақпаны**.

Сырттай дауыс беру нәтижесін санау үшін бюллетеньдерді ұсынудың соңғы күні – **2020 жылдың 13 сәуірі**.

Сырттай дауыс беруді санау күні – **2020 жылдың 13 сәуірі**.

Жиналыста дауыс беруді қорытындылау кезінде Биржаға 2020 жылдың 13 сәуіріне дейін алматы уақытымен сағат **18.00 дейін акционерлерден алынған сырттай дауыс беруге арналған** бюллетеньдер ескеріледі.

Жиналысқа қатысуға құқылы Биржа акционерлерінің тізімі 2020 жылдың 27 ақпанында алматы уақытымен сағат 00.00 дейін құрастырылады.

Қоғам акционерлерінің акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдарымен танысу тәртібі

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша акционерлер үшін материалдары мен дауыс беруге арналған бюллетеньдері Биржа басқармасының орналасқан жерінде, сондай-ақ Биржаның корпоративтік веб-сайтында Биржа акционерлері үшін бөлімінде <https://www.kase.kz> орналасқан.

Биржа акционерлерінің акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша сұрақтары болған жағдайда, сұрақты алған соң үш жұмыс күннің ішінде оған жауап беріледі, сонымен қатар құжат көшірмесін әзірлеу және оны жеткізу шығындарын Биржа атқарады.

Биржа акционерлерінің сырттай дауыс беруге қатысты қосымша ақпаратымен мына телефонға хабарласуға болады: 8 (727) 237 53 43.

Дауыс беру тәртібі

Биржа акционерлерінің сырттай дауыс беру тәртібі Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңының 43 бабы 6 тармағына сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңының 43 бабы 6 тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының сырттай дауыс беру арқылы шешімін қабылдау кезінде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне өзгертулер мен (немесе) толықтырулар енгізілмейді.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке тұлға - акционер (жеке тұлға - акционердің өкілі) осы адамның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып қол қоюға тиіс.

Заңды тұлға - акционердің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетенге оның басшысы (заңды тұлға - акционердің өкілі) қол қоюға тиіс. Бюллетеньге заңды тұлғаның басшысын тағайындау туралы құжаттың көшірмесі қоса берілуі тиіс.

Акционердің өкілі сырттай дауыс беру үшін бюллетеньге қол қойған жағдайда, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер өкілінің өкілеттілігін растайтын сенімхаттың немесе өзге құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Жеке тұлға - акционердің не заңды тұлға - акционер басшысының немесе жеке тұлға - акционер өкілінің не заңды тұлға - акционер өкілінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі.

Дауыс беруді санау кезінде бюллетенде бюллетеньде анықталған дауыс беру тәртібі сақтаған акционердің (акционер өкілінің) дауысы есептеледі және дауыс беруде тек бір ғана мүмкін нұсқасы белгіленеді.

Сырттай дауыс беру қорытындысы акционерлердің назарына олардың қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялану арқылы және Биржа Жарғысының 21 бабында анықталған тәртіппен, акционерлердің жалпы жиналысын жапқан соң он бес күнтізбелік күн ішінде акционерлердің назарына ұсынылады.

Акционерлердің сырттай дауыс беру арқылы өтетін жалпы жиналысын өткізудің Қазақстан Республикасының заң актілерінің нормалары.

Акционерлердің жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңының 41 бабы 5 тармақшасы, 43 бабы 6 тармақшасы, 45 бабы 2 және 4 тармақшасы, 49 бабы, 51 және 52 бабына сәйкес өткізіледі.